

Тұмбай Ж.О., Сыдықова А.Д.  
**Кәсіпорынның инновациялық қызметін ұйымдастыру және басқару**

Тәуелсіз Қазақстан жаңа экономикалық дәуірге, яғни инновациялық-индустриалды даму сатысына батыл түрде аяқ басты. Болашақта білімге негізделген «ақылды экономика» құру идеясы да бар. Қазақстан кәсіпкерлері шетелдік жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерін игеріп, қызметтеріне енгізіп жүр. Мемлекетіміз де өз тарапынан инновациялық саланың дамуы барысына көптеген ынталандырушы шаралар қолданып жатыр. Дегенмен инновациялық қызметті ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасалуы керек. Мұндай жағдайды жасау жауапкершілігі бүгінде үкіметке артылып отыр, яғни құқықтық база, ұлттық қорлар және даму институттары арқылы отандық өнім өндірушілерді қолдау керек. Инновациялық жобаларды жасауда арнайы инновациялық банк, венчурлы банк қызметін қалыптастыру керек сияқты. Инновациялық бизнестің дамуы ғылымды, ғылыми-зерттеулерді, көп шығын мен тәуекелі жоғары болғандықтан, әлі де оңтайлы жағдайлардың болмау мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** инновациялық экономика, инновациялық даму, инновациялық орта, нарықтық сұраныс, инновациялық менеджмент.

---

Tumbai Zh.O., Sydykova A.D.  
**Management and organization of innovative activity of the enterprises**

Independent Kazakhstan took a step in a new economic era, that is innovative industrially to development. Idea of creation of the «clever economy» based on knowledge in the future. Businessmen of Kazakhstan uses foreign scientific and technological skill in activity of an innovation. The state in return uses a lot of the stimulating measures for development of the innovation environment. Nevertheless favorable conditions for stimulation of innovative activity it has to be created. Now all responsibility lie to the government, that is domestic producers should be supported through legal bases, national the fund and institutes of development should be supported surplus of production is formed. In commission of innovative projects it is necessary to form special innovative banks and venture bank activity. We will consider problems in development of innovative business, scientific and scientific researches demands more and more risk and expenses.

**Key words:** innovative economy, innovative development, market demand, innovatsiyaonny management.

---

Тұмбай Ж.О., Сыдықова А.Д.  
**Управление и организация инновационной деятельностью предприятий**

Независимый Казахстан сделал шаг в новой экономической эре, то есть у инновационно-индустриальному развитию. Идея создания «умной экономики», основанной на знаниях в будущем. Предприниматели Казахстана используют иностранный научно-технологический навык в деятельности инновации. Государство со своей стороны использует много стимулирующих мер для развития инновационной среды. Тем не менее благоприятные условия для стимулирования инновационной деятельности должны быть созданы. Сейчас вся ответственность лежит на правительстве. То есть отечественных производителей надо поддерживать через правовую базу, национальные фонды и институты развития, надо поддержать образующийся избыток продукции. В совершении инновационных проектов следует формировать специальные инновационные банки и венчурную банковскую деятельность. Мы рассмотрим проблемы в развитии инновационного бизнеса, научные исследования, требующие все больше риска и затрат.

**Ключевые слова:** инновационная экономика, инновационное развитие, рыночный спрос, инновационный менеджмент.

**КӘСІПОРЫННЫҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ  
БАСҚАРУ**

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы дамуының негізгі бағыты инновациялық экономика құру болып табылады. Инновациялық экономика- экономикалық қатынастардың жаңа типі болып саналады. Егер біз инновациялық экономиканың дамуына тек ғылым мен білімге салымдарды көлемін көбейту керек десек, қателесеміз. Себебі, инновациялық даму үшін әлемдік тәжірибе көрсеткендей инновациялық үдерісті жүргізуге мүмкіндік беретін технологиялық және интеллектуалдық әлеует; инновациялық кәсіпкерлік субъектілері санының тұрақты артып отыруы, оның ішінде жаңа әлеуметтік топтардың ену нәтижесі арқылы; инновациялық дамуға бағытталған институционалды жүйе; субъектілердің, физикалық тұлғалардың, ұлттық инновациялық жүйелердің инновацияларға сұранысы сияқты негізгі шарттар болуы қажет. Олар инновациялық типтегі экономиканың жалпы қағидалары болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстан жаңа экономикалық дәуірге, яғни инновациялық-индустриалды даму сатысына батыл түрде аяқ басты. Болашақта білімге негізделген «ақылды экономика» құру идеясы да бар. Қазақстан кәсіпкерлері шетелдік жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерін игеріп, қызметтеріне енгізіп жүр. Мемлекетіміз де өз тарапынан инновациялық саланың дамуы барысына көптеген ынталандырушы шаралар қолданып жатыр. Бірақ сол ғылыми – техникалық жетістіктердің көбісі тек біз үшін ғана инновация, ал өзге дамыған мемлекеттер үшін олар кешегі күн жаңалықтары. Сол себептен тек қана шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетіміздің дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізу басты міндет. Бәсекелік ортада ұлттық экономиканың қуаты болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарының біріне айналды. Ашық нарықтың басты талабының бірі әрбір тұтынушының нақты қажеттілігін қанағаттандыру деп білсек, онда осы талапқа сай экономика құрылымын жасақтау тағы бір маңызы зор міндет болып қала бермек. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұ-

рылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге толық негіз бар. Қазақстан соңғы жылдары экономикалық қайта құрулар бойынша үлкен жетістіктерге жетуде. Алайда өсудің жоғары қарқыны инновациялық факторсыз қамтамасыз етілуде. Әлемдік нарықта жоғары құзырлы еңбек күші, ғылым мен білім әлеуетін бәсекелік жағдайда қарқынды пайдалана алатын елдер ғана көшбасшы болуда. Бұл елдерде бәсекегеқабілеттілікті көтерудің негізінде инновацияларды барлық сфераларда ауқымды қолдану және адам капиталына: денсаулық сақтау, білім және ғылымға инвестициялар тартуды қолдау болып отыр. Сонымен бірге экономикадағы инновациялық кәсіпкерлік мәнінің өсуі тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Қазіргі кезде инновациялық қызметті реттейтін дүниежүзілік ұйым бар. Ол ұйым Италияның Фраскати қаласында 1993 жылы құрылып, Инновациялық қызметті реттейтін «Фраскати құжаттары» атты құжат қабылданған. Қазіргі күні бүкіл мемлекеттер инновациялық қызмет саласын осы «Фраскати құжаттары» негізінде реттеп отырады. Осы құжат бойынша инновация дегеніміз – тәжірибе жүзінде немесе әлеуметтік салада пайдаланылатын жақсартылған немесе тіпті жаңа өнім мен технология түріндегі инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әзірлемелерді нарықтық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетіспейді, менеджмент, меркетинг және талдау саласындағы жоғары білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тағылымдамаға жіберу және отандық кадрлар даярлау үшін республикаға жоғары білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізілетін болады.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әлеует және оны пайдалану инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Біз білетіндей, инновациялық ортаның тиімділігі сол ортада қызмет ететін ұйымдардың инновациялық белсенділігі мен өзара қызығушылығы туындаған кезде ғана қалыптасады. Яғни, инновациялық ортада жүзеге асатын инновациялық үрдіс бірін-бірі жалғастыратын тізбектіліктің орнауына тікелей тәуелді. Егер осы тізбектің бойындағы қандай да бір құраушы

өзінің инновациялық белсенділігін жоғалтса немесе төмендетсе, онда инновациялық үрдістің соңғы нәтижесі де белгілі бір деңгейге төмендейді немесе инновациялық маңыздылығын жоғалтады.

Осы айтылғандарды нақтылап сипаттау үшін біз инновациялық кәсіпкерлікке қажетті инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің тізбектілігін зерттеп, оның инновациялық белсенділіктің қалыптасуына тигізер әсерін анықтауымызға тырысуымыз тиіс. Инфрақұрылым – экономиканың дербес саласы. Инфрақұрылым саласының ерекшелігі сол, ол материалдық өнім шығармайды, тек қызмет етеді. Қазақстанда нарықтық жүйеге өту үстемдігі тұралап қалған өндірушілер санының көп болуымен байланысты. Сондықтан инфрақұрылым элементінің негізгі мақсаты экономикалық субъектілер арасында тұрақты шаруашылық байланыстарын құру және ұстап тұру. Сонымен инфрақұрылымның негізгі жұмысы (функциясы) – шаруашылық жүргізудің ішкі жағдайын қалыптастыру, экономикалық субъектілерде де, ұлттық экономиканы түгелдей алғанда да.

Инновациялық даму қызметінің маңызды факторларының бірі инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру. Инфрақұрылымның негізгі элементтері жалпы экономикалық жағдайдан бөлінбейді. Инновациялық инфрақұрылымның негізгі элементтері жалпы экономикалық инфрақұрылым элементінің негізгі сипаты сияқты (көлік, байланыс, ақпарат, телекоммуникация) және өзіне тән элементі (патенттік қолдау, сақтандыру, консалтингтік және инженерлік фирмалар, инкубаторлар), бұларсыз инновациялық қызмет нарық жағдайында өмір сүре алмайды.

Еліміздегі ғылыми-зерттеу мекемелерінің бұл тізбектегі орнына келер болсақ, олардың да ғылыми-инновациялық саладағы белсенділігі байқалмайды. Көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері шынайы өмірге жарамды әзірлемелер ұсына алмай, мемлекеттің қаржыландыруына алақан жайып, тәуелді күйге түсіп отырған жайы бар. Оның да себебі білікті кадрларды материалдық ынталандыру тетіктерінің болмауы, зерттеулер жүргізетін құрал-жабдықтардың тозуы, өндірістік кәсіпорындармен іскерлік байланыстардың орнамауы сияқты мәселелермен байланысты. Әсіресе бұл мекемелерде, аға буынның біліктілігін жалғастырушы жаңаша ойлайтын жас буын өкілдерінің болмауы да толғандыратын жағдай. Бұл көрініспен ғылыми-зерттеу мекемелерінің инновациялық

жүйенің белсенді тармағы бола алады дегенге сену қиын.

Қазақстандық компаниялардың инновациялық белсенділігінің төмен болуының негізгі себебі «сыртқы ортасының дені сау болмауы», яғни бәсекелестіктің болмауы, нашар бизнес-климат және бизнестің меншіктері мен құқықтарын толыққанды қорғай алмайтын әлсіз заң. Адамдар барлық жерде, Америкада да, Еуропада да, Қазақстанда да бірдей. Олар жаңа технология енгізеді ма, жоқ па, барлығы сыртқы орта жағдайына, сыртқы факторларға байланысты дейді. Көптеген қазақстандық инновациялық компаниялар өз бизнесін тұрақты жүргізу үшін шетелге өтіп кетті. Өйткені олар құқықтық жағынан қорғалмаған еді. Кез келген инновация ең алдымен уақыт және нарық талаптарына сай болуы керек, инновациялардың деңгейі мен қажеттілігін сыртқы ортаның әсері анықтайды. Десек те, инновацияларға ішкі дайындығы жоқ компанияларда даму мен модернизация жөнінде сөз қозғаудың өзі орынсыз болып табылады. Инновациялық стратегияның, инновациялық менеджментінің болмауы бәсекеге қабілеттілік күшін жоятынын барлық отандық компаниялардың басшылары мойындайды. Дегенмен инновациялық қызметті ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасалуы керек. Мұндай жағдайды жасау жауапкершілігі бүгінде үкіметке артылып отыр, яғни құқықтық база, ұлттық қорлар және даму институттары арқылы отандық өнім өндірушілерді қолдау керек.

Өкінішке орай, бүгінде отандық бизнес мемлекеттік қолдаудың емес, мемлекеттік саясаттың қатаң тәртібіне бағына отырып дамуға мәжбүр, өйткені қолдаудың нақты механизмдері жасалмаған, ал әкімшілік кедергілер саны күн сайын артуда. Әлемдік Банк мәліметтеріне сай, «Doing Business» жобасы жүргізген рейтингте Қазақстан әлемнің 178 елінің ішінде «Лицензиялау қарапайымдылығы» көрсеткіші бойынша 173-орынды иеленіп отыр. «Халықаралық сауданы жүргізу қарапайымдылығы» көрсеткіші бойынша ең соңғы позицияны иеленіп отыр. Инновациялық дамуға жағдай жасай алмай отырған еліміздің объективті ағымдық жағдайы. Бірақ Әлемдік Банк (The World Bank) «Doing Business» рейтингінде Қазақстан 2011 жылы – 58, 2012 жылы – 47 орында тұрақтап, 11 позицияға ілгеріледі. Соның ішінде «Starting a business» бизнесті бастауға жағдайы бойынша 49 орында. Бұл инновациялық дамудың бір тежегіші болып отыр. Кәсіпкерлікті,

бәсекелестік ортаны қалыптастыру институционалдық тұрғыдан өзекті мәселе болып қала бермек. Басты мәселе отандық кәсіпорындардың сауда-саттық саласында шоғырлануы. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ мәліметтеріне сәйкес, сауда-саттық сипатта айналысатын кәсіпкерлер саны 40%. Бұл өндіріс саласының дамуына орасан зор тосқауыл болып отыр.

Біздің ойымызша, біріншіден ұйымдардың инновациялық қызметпен айналысуына мемлекет тарапынан реттеу мен қолдау қажеттігі бар; екіншіден, зерттеу жұмыстарын жасауын салықтық ынталандыру; заңдық реттеу. Инновациялық жобаларды жасауда арнайы инновациялық банк, венчурлы банк қызметін қалыптастыру керек сияқты. Инновациялық бизнесті дамуы ғылымды, ғылыми-зерттеулерді, көп шығын мен тәуекелі жоғары болғандықтан әлі де оңтайлы жағдайлардың болмауы байқалады.

Алайда, қазіргі таңда Қазақстан – Ресей – Белорусия арасындағы Кедендік Одақ 170 млн. тұтынушыны құрайтын нарыққа жол ашты. Бұл орайда біздің елдің ұйымдарының одан әрі дамуына үлесін тигізеді. Жаңа тұтынушыларды жаңа тауар мен қызметпен қамтамасыз ету жұмысы жүктелді. Қазақстанның географиялық тиімді орналасуы Еуропа мен Азия нарықтарын ұштастыруға да мүмкіндігі бар және оны пайдаланудамыз. Еуропа, Шығыс Азия, Қытай елдерінің нарығына шығуға барлық жағдайлар жасалынған.

Мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі принциптері маңызды әлеуметтік және экономикалық тапсырмаларды шешуге бағытталған инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету, инновациялық климат қалыптастыру және инновациялық сала үшін мамандарды дайындау болу керек.

Сонымен қатар елімізде инновациялық сала үшін мамандар дайындау жүйесі де қалыптаспаған. Оның негізгі себебі – жоғары білім мен қолданбалы ғылым және өндірістің арасындағы байланыстың айтарлықтай әлсіреуі, инноватика саласында мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келетін оқулықтар мен оқу құралдарының болмауы.

Инновациялық сала үшін мамандарды дайындау мақсатында инновациялық жобаларды жүзеге асыратын менеджерлерді, инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандарды дайындауға бағытталған жүйелі білім беру бағдарламасын жасау қажет.

Елімізде инновациялық қызметті жүзеге асыратын компаниялардың саны артып, Елбасы

бастамасымен жүзеге асырылып жатқан индустриалдық-инновациялық стратегияның нәтижесінде жаңа заманның инновациялық экономикасы қалыптасады деген сенім бар. Инновациялық экономика қандай болады:

– жаңа идея, білім, технология және тағы сол сияқтыларды қоғамның позитивті қабылдауы, яғни инновацияны кез келген уақытта өндіріске енгізуге дайын және икемді болуы;

– инновациялық қызметті жүзеге асырушы мамандандырылған кадрларды даярлау мен қайта дайындаудың озық жүйесінің қалыптасуы;

– икемді, оперативті, әмбебап, бәсекеге қабілетті және максималды ауқымды сипатқа ие болатын дамыған инновациялық инфрақұрылым;

– жаңа білім және инновацияны басқару әдістері жөнінде кез келген ақпаратты еркін алу мүмкіндігі;

– ұлттық деңгейде ақпараттық қамтамасыз ететін дамыған ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы;

– өндірістің және басқарудың барлық саласында жылдамдатылған автоматизация мен компьютеризация, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық қызметті инновацияландыруға бағытталған әлеуметтік құрылымның күрт өзгерісі .

Қорыта айтқанда компаниялардың инновациялық белсенділігін арттыру үшін ынталан-

дыру шараларын қолдану керек. Инновациялық қызметті қаржылық, несиелік, салықтық ынталандыру мен дамыту механизмдерінің жүйесін жүзеге асыру инновациялық технологияларды қолданушы және жаңа өнім шығарушы немесе қызмет көрсетуші кәсіпорынның тиімділігін арттыруға негіз болады, олардың қызметінің инновациялық құрылымын күшейту арқылы және экономикалық өсудің инновациялық түріне өту арқылы дамудың жаңа сатыларын бағындыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар инновациялық қызметті жүзеге асыру процесі келесі талаптарға сай болуы керек: инновациялық даму ретроспективті тәжірибеге негізделу керек; инновация нақты бір уақытқа бағытталып, белгілі бір салада қолданысқа ие болуы керек; инновациялық өнім белгілі бір қажеттілікті өтеуі керек; тиімді экономикалық дамуға инновациялық қызметті жүзеге асырудың нақты ұйымдастыру үдерісі болғанда ғана қол жеткізеді; инновациялық өнімді өндіру кезінде айқындаушы фактор ретінде инновацияны тұтынушының қабылдауы болуы керек; инновациялық өнімнің қарапайымдылығы; инновацияны енгізуге мақсатты бағытталу кәсіпорынның көшбасшылықты қолға алу стратегиясын қабылдау қажеттілігін анықтайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Купешова С.Т. «Инновациялық менеджмент». – Алматы 2011. – 234 б.
- 2 Инновациялық менеджмент: оқу құралы/ К.Б. Бердалиев. – Алматы: Экономика, 2010.
- 3 Чайковская Л.П., Рыбакова С.И. Состояние и перспективы развития науки и инновационной деятельности в Республике Казахстан. /АльПари журналы, 1/2010

#### References

- 1 Kupeshova S.T. «Innovatsialyk menedzhment». – Almaty, 2011. – 234 b.
- 2 Innovatsialyk menedzhment: oky kyraly/K.B.Berdaliev. – Almaty: Ekonomika, 2010.
- 3 Chaikovskaya L.P., Rybakova S.I. Sostayanie I perspektivy razvitiya nauki I innovationnoi deyatelnosti v Respublike Kazakhstan./AlPari jurnaly,1/2010